



Газет 2014 жылы
Қарағанды облысы әкімінің
«Тіл жанашыры» сыйлығының
лауреаты атанды

Арқа Ақшамы

Аймақтық қоғамдық-саяси газет №41(175) 3 қараша 2016 жыл




**САЛАФИЗМНЕН
САҚТАНУ КЕРЕК**



**ЖАУНАР 10
ОН ЖЫЛДЫҚ 4
ОЙДАҒЫДАЙ ӨТТІ**



**АЛАШТЫҢ АЛҒАШҚЫ
МАТЕМАТИГІ 6**




**ТАСЖҮРЕК АНА
ТАҚЫРЫБЫНДА**



86-НЫҢ ДЕРЕГІ

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ



200 МИЛЛИОН ЖЕЛГЕ ҰШТЫ

Қазына қаражаты қайда жұмсалады? Бұл мәселе – көпті толғандырған басты сауалдардың бірі. Нақты жауабын ешкім бере алмайды. Шенеуніктер түрлі нәрсені сылтау етуі мүмкін. Қарапайым халықтың қолында ақпарат жоқ. Алайда елімізде орын алып жатқан кей дүниеге назар аударсақ, ел игілігіне жұмсалуды тиіс қаражаттың желге ұшқанын аңғаруға болады. Оның бір айғағы Шахтинск қаласындағы құрылысы бес жылдан бері аяқталмаған тұрғын үйдің жайынан байқалады.

Шахтинск қаласындағы бұл үйлердің құрылысы 2011 жылы басталған болатын. Әуелдегі жоспар бойынша, көшіру бағдарламасына іліккен 48 отбасына берілуі тиіс болған. Тендеройнатылып, мердігер компания жұмысын бастаған кезде, әлеуметтің қуанышында шек болмады. Пәтер кезегіне тұрған азаматтар жақын арада баспаналы болатынына сенді. Алайда олардың арманы орындалатын күннің қарасы алыстап кетті. Қазынаның 200 миллион теңгесіне салынған құрылыс аяқталмай қалды. Өйткені құрылыс компаниясы тақырға отырып, жабылып қалған. Қаңырап тұрған үйлер жақын маңдағы тұрғындарды әбігерге салып қойды. Бұл жер қаңғыбастар мен нашақорлардың мекеніне айналып үлгеріпті. Халық өз өмірлері үшін алаңдаулы. Әсіресе ойын баласына қиын тиіп отыр екен.

«Бұл құрылыс үшін жолымыз жарамсыз болды. Кезінде жұмыстар жүріп жатқанда, жүк

көліктері тура ауламыздан өтетін. Енді қазір оны жөндеймін деген ешкім жоқ. Екі рет өрт болды бұл ғимаратта. Балаларымыз осы жерде ойнайды. Қорқамыз. Өте қауіпті», – дейді Шахтинск қаласының бір тұрғыны. Сондықтан тұрғындар бос тұрған құрылыс нысандарын сүріп тастауды сұрап отыр. Оның қайта бой көтеріп, халық игілігіне қызмет ететініне ешкім сенбейді екен.

Мердігер компания жұмысты аяқтауға қауқарсыз. Олар қызметкерлерінің айлығын да тауып бере алмай отыр. Мұны әкімдіктегілер де мойындайды. Шенеуніктер жұмыстарына салғырт қараған құрылыс компаниясымен қазір соттасып жатқандарын айтады. Ал құрылысы тұралап қалған тұрғын үйлерді қазір арнайы комиссия тексеруде. Егер қалпына келтіру мүмкін болмаса, онда сүріліп тасталады. Мұны қала әкімінің сөзінен де аңғаруға болады.

«Егер оны қайтадан қалпына келтіруге мүмкіншілік жоқ десе,

онда біз таза бұзып тастаймыз. Ал енді оның мүмкіншілігі бар, оған тиісті қаражат тауып, қалғанын қайтадан қалпына келтіруге болады десе, мүмкін, басқа қаражат тауып, басқаша іске қосамыз», – дейді Шахтинск қаласының әкімі Сержан Аймақов тілшілерге берген сұхбатында.

Сонда бұл қалай болғаны? Қазынаның қаражаты оп-оңай желге ұшқаны ма? 200 миллион теңге аз ақша емес. Халықтың қалтасынан алынған қаражат қой. Егер кәсіпкерлердің бәрі осылай жасай берсе, онда келер күніміз не болады? Шенеуніктер мен кәсіпкерлердің салғырттығы елдің дамуына кедергі келтірмей ме? Дәл осы қаланың өзінде баспанасыз жүрген жан көп. Егер қала басшылығы жұмысты аяқтауға қауқарсыз болса, онда осы пәтерлерді өз күшімен жөнге келтіруге қауқарлы қара халыққа неге таратып бермейді? Оңтайлы шешімі сол емес пе?! ■

САЛАФИЗМНЕН САҚТАНУ КЕРЕК



Министрлік қазіргі таңда тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп, салафизм мәселесін мұқият қарастыруда.

Осыған дейін Қазақстанда 23 лаңкестік және экстремистік ұйымға, соның ішінде салафиттік бағыттағы «Ат-Тәкфир Уәл-Хиджра» экстремистік ұйымына тыйым салынған еді.

Осы ретте салафизмнің ұйым емес екенін атап өту қажет. Ол – діни ағым, көзқарастар жүйесі.

Еліміздің қолданыстағы заңдары қазірдің өзінде заңсыз уағыз жүргізу, жасырын діни жиындар өткізу және радикалды діни әдебиеттер таратудың жолын кесуге қауқарлы.

Оларды орындауды қамтамасыз ету керек. Салафизм тақырыбына келетін болсақ, мемлекеттік құрылысы шариғатқа негізделген жекелеген елдерде салафизмге жақын діни ағымдар дәстүр ретінде орнығуы мүмкін.

Ал Қазақстанға келер болсақ, отандық дінтанушылардың пікірінше, салафизм Қазақстан үшін айтарлықтай қауіп тудыратын әлеуетке ие.

Салафизм ұстанушыларының өз идеялары мен құндылықтарын біздің ұлттық мәдениетімізден, рухани дәстүрлеріміз бен құндылықтарымыздан жоғары қояды.

Салафилердің барлығы ашық айтпаса да, қатаң діни қағидаларға құрылған мемлекетті қоғамдық құрылыстың «идеалды жүйесі» деп есептейді.

Біз қазіргі күнде ислам әлемінде, соның ішінде бірқатар араб елдерінің өзінде салафизм идеялары беделді діни тұлғалар мен заманауи ислам ойшылдары тарапынан сынға ұшырап отырғанын көріп отырмыз.

Біз осыған байланысты салафизмді Қазақстан Республикасы үшін мүлде жат әрі теріс діни

ағым деп санаймыз.

Елімізге сырттан келген бұл діни ағым күн өткен сайын халық тарапынан тойтарысқа ұшырауда.

Жалпы, қазақстандық қоғам радикализмге жетелейтін бұл жат ағымға теріс көзқараста.

Осы себепті бүгінгі таңда еліміздегі салафизм жақтастарының саны азайып жатқаны байқалады және олардың Қазақстанда ұйымдасқан құрылымдары жоқ.

Сондықтан алдағы уақытта салафизм идеологиясын насихаттайтын ұйымдардың пайда болуына, әдебиеттерінің таралуына және интернет-сайттарының жұмыстарына жол бермейтін боламыз.

Қажет болған жағдайда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына діндар азаматтар тарапынан ел мешіттерінде бекітілген тәртіп ережелерін сақтауға көмектесетін боламыз.

Қазақстандық дана халқымыз елімізге жат салафизм ағымының таралуына заңмен тыйым салмай-ақ жол бермейді және зайырлы қағидаттарды басшылыққа алатын заманауи Қазақстанды құруды таңдайды деп сенеміз.

Бұл таңдауды Қазақстанның әрбір азаматы қолдауы тиіс. Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады ■

АЗАМАТТАР АНТ БЕРДІ



29 қазан күні №58 жалпы білім беретін орта мектеп тәрбиеленушілерінің кадет сыныбында салтанатты түрде ант қабылдау рәсімі өтті.

Салтанатты рәсімге Ұлттық гвардияның әскери бөлім басшылары, қалалық мектеп басшылары, еңбек ардагерлері және ата-аналар келіп, жылы лебіздерін білдірді.

Бұл шараның мақсаты – кадет сыныбына қабылданатын шәкірттер бойында жауапкершілікті арттыра отырып, ұлтжандылық рухын ояту. Оқушылар құттықтауын өнерлері арқылы көрсетті ■

ҚАМҚОРШЫНЫҢ ҚАДІРІ АРТЫҚ

Жыл сайын 29 қазанда «Шығармашылық бастама әйелдер лигасы» қоғамдық бірлестігінің, «Қазақстанның қамқоршылар одағы» қоғамдық қорының, «Бала даусы» бірлестігінің бастамасымен Республика бойынша «Қамқоршылар күні» өткізіледі.

Бүгінгі таңда Қарағанды қаласында қорғаншылар мен қамқоршылар және патронаттық тәрбиешілердің

отбасында 728 бала тәрбиеленеді. Мереке аясында 28 қазанда сағат 11.00-де №101 мектеп-лицейінде Қамқоршылар күні мерекесі аталып өтті. Шараға Қарағанды қаласы әкімдігінің, Білім бөлімінің өкілдері, сонымен қатар қамқоршылар мен патронаттық тәрбиешілер қатысты.

Барлық қатысушыға мерекелік бағдарлама ұсынылып, қамқоршылар алғысхаттармен марапатталды ■



ҚАРАҒАНДЫ — ҒАРЫШ БЕКЕТІ

«Союз МС» әуе кемесінің экипаж мүшелері Жерге сәтті оралды», – деп хабарлады ҚазАқпарат Ұшуларды басқару орталығының баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Құрамында ресейлік ғарышкер Анатолий Иванишин, жапониялық астронавт Такуя Ониши мен америкалық астронавт Кэтрин Рубинс болған ғарыш аппараты белгіленген орынға (Жезқазған қаласының оңтүстік-шығысына) қонды.

Экипаж 2016 жылы 30 қазанда Астана уақытымен 9 сағат 59 минутта қонды. Ғарышкерлер болған капсула қазақстандық жерге бір минут бұрын түсті.

Ұшуларды басқару орталығының баспасөз қызметі атап өткендей, қону үдерісі штаттық режимде өтті. МКС-48/49 экспедициясының экипажы ғарышта 115 тәулік болды ■

ТАРИФТІ ЖЕҢГЕН ТҰРҒЫНДАР



Қарағандыдағы жылу тарифі мәселесі «Қолжетімді баспана» бағдарламасының ипотекашылары пайдасына шешілді.

«Қарағанды қалалық коммуналдық шаруашылығы» ЖШС тарифтік мәлімдемесі шамамен 7 есеге арзандады», – деп хабарлады ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің облыстық департаменті.

«ҚҚС есебінсіз 1 Гкал үшін 22 мың теңгеден астам болатын тарифтік жобаның жаңа құны 3472,96 теңге болып бекітілді», – деді мекеме өкілі Дидар Балташ. Сонымен қатар монополияшы еш шығынға ұшырамайды. Айырмасы қалалық қазына есебінен төленеді. «Қала әкімдігінен қызмет көрсетушінің көмір, электр қуаты және су бағыты бойынша шығындарын субсидиялауға келісім бергені туралы жауап алдық», – деп нақтылады Д.Балташ.

Кәсіпорын субсидиялау механизмінің өзiрге анықталмағанын хабарлады. «Әкімдік субсидиялауға дайын екенін жеткізді. Өзірге біз жария-шарт жасастық. Төлем туралы есепшоттарды 1 қарашадан бастап шығара бастаймыз», – деп пікір білдірді «Горкомхоз»

ЖШС бас инженері Юрий Горелов. Оның айтуынша, 1 шаршы метрге 0,05 Гкал тұтыну деңгейін есепке алғанда, тариф 194,48 теңге (ҚҚС) болған.

Бұған дейін хабарланғандай, Қарағандыда аса қымбат жылу тарифі ипотекашылардың наразылығын тудырды. Қызмет көрсетуші жылыту құны шаршы метрге 1200 теңгеден асатын тарифтік смета құрған. Осы себепті қоғамдық тыңдаулар өтті. Тұтынушылар наразылықтарын білдірді.

«Өрине, бұл – шектен шыққандық. Бұл үйлерде бюджеттік, мемлекеттік қызметкерлер тұрады. Менің 4 бөлмелі пәтерімнің аумағы 85 шаршы метр. Сонда ай сайын жылуға 100 мың теңгеден төлеуім керек. Қайдан төлеймін? Айлық еңбекақым 70 мың теңге, – деді Әйгерім Аманбаева. Ол құлағы нашар еститін балаларға арналған мектепте тәрбиеші болып жұмыс істейді. – Мен ай сайын ипотекаға 58200 теңге саламын. Қолжетімді баспана аламыз деп жүрсек, жылудың өзі біраз қиындық тудыруда. «Горкомхоз» ЖШС қазандығы Кемеровск көшесіндегі көпқабатты үш үйді жылытады» ■

Мәселе

КІНӘЛІНІ КІНӘСІЗ ЕТІП ЖАТЫРМЫЗ

Қарағандыда қаржы пирамидасын құрғаны үшін қамауға алынған Елена Колесникованың жақтастарын прокуратура тәртіпке шақырып жатыр. Өйткені пирамидаға миллиондаған теңгесін салған жұрт қамауға алынған әйелді босатуды талап етуін қояр емес. Құзырлы орган митинг пен шеру ұйымдастырып, тергеу жұмыстарына кедергі жасаушыларды заңмен қудалайтынын жеткізді.

Жағдайын түзегісі келген осындай адамның саны 4 мыңнан асып жығылады екен. Қаладағы Майқұдық ауданында орналасқан бір кеңсенің өзіне олар жалпы мөлшері 940 миллион теңгені өз қолдарымен апарып

беріпті. Енді Колесникова босап шықса, сол ақшаның қайтатынына жұрт кәміл сенеді. Бірақ прокуратура іскер әйелдің бұғатталған есепшотында бұл соманың төрттен бір бөлігі де жоқ екенін жеткізді. Кәмілетке толмаған екі баласын шетел асырғанымен, өзі қашып үлгермеген. Елдің ақшасын абақтыда отырып-ақ қайтаруды ұсынғанымен, бұл оған да келіспеген көрінеді. Тіпті, қорғаушы жалдауға да соқыр тиын шығармаған. Сондықтан ол қаражатты да осы салымшылары жинап беріпті. Ал құзырлы орган Колесникованы босатуды талап етіп, елді дүрліктіріп жүргендерді енді заңмен қудалаймыз деп отыр ■

Гүлнар Тарпанбаева, Қарағанды қаласының тұрғыны:

– Халық Еленадан зардап шегіп жатқан жоқ. Елена шықсын, жұмыс істесін деп жатырмыз. Қазір елдің бәрі кредиттерін төлей алмай жылап отыр. Біз пәтерлерді неге салдық? Өрі қарай жұмыс істесек, жағдайымызды түзесек екен дедік.



Азамат Тілешов, Октябрь ауданының прокуроры:

– Салымшыларды арандатып, заңсыз шерулерге шығарып жүргендер бар. Мұның барлығы тергеу жүргізуге кедергі болады. Митингімен мәселе шешілмейді. Жұртқа түсіндіруге тырысып-ақ жатырмыз. Енді арандатушылар анықталса, заң аясында жазаланады.

КӘСІПКЕР ҚАЙТЕДІ?

Кәсіпкерлерді бейберекет тексеруге заңмен тыйым салынып, белгілі бір мерзімге дейін мораторий жарияланды. Алайда қарағандылық кәсіпкерлердің жолын кескестеген әкімшілік кедергілері тыйылмай тұр. Сондықтан олар Облыстық статистика департаментінің үстінен прокуратураға шағымдануда.

Саудамен айналысатын 35 кәсіпкер департамент салған айыппұлдың заңдылығын тексеруді өтінеді. Кәсіпкерлер құқығын қорғайтын кеңестің кезекті 25-отырысында бизнес құрылымдарына жасалған қысым мәселесі сөз болды.

Қарағанды облысының Статистика департаменті өткен жылдың кірісі туралы есепті

уақытында тапсырмаған кәсіпкерлерге 30 мыңнан 250 мың теңгеге дейін айыппұл салған. Яғни шағын кәсіпкерлік субъектілерінен 14 АЕК, орта кәсіпкерлік субъектілерінен 20 АЕК, ірі кәсіпкерлік субъектілерінен 120 АЕК көлемінде айыппұл алу көзделіпті. Бірақ кәсіпкерлер есептің тапсырылуы керектігі жөнінде құлақтанбаған.

«Департамент кәсіпкерлерге статистикалық деректерді ұсыну қажеттігін хабарлаған хат жолдағанын алға тартуда. Жұмбағы – сол: бұл хаттар кәсіпкерлерге жетпепті. Түсініспеушілікті шешу үшін «Қазпошта» АҚ-на хаттардың жөнелтілгенін анықтау мақсатында сұранысхат жолдадық. «Қазпошта» АҚ ұсынған есепке сүйенсек,



кәсіпкерлерге аталмыш хаттар жолданбаған болып шықты», – деді А.Түлкібаев ■

Мәселе

ҚҰС АТҚАННЫҢ КЕСІРІ



Қарағандылық зоологтер дабыл қағуда. Аймағымызда жабайы үйректер мен қаздар саны үш есеге дейін азайып кеткен. Бұл – соңғы жылдары жүргізілген зерттеулердің көрсеткіші. Сондықтан мамандар мемлекеттік органдарға көктемгі аңшылық маусымына тыйым салу туралы ұсыныс жолдап отыр.

Зоологтердің айтуынша, бүгінде қазақ жерін 15 миллионға жуық жабайы құс мекен етеді. Ал осыдан он жыл бұрын олардың саны 50 миллионның төңірегінде болған. Құстар санының күрт азаюына аңшылардың көбеюі мен заманауи құрылғылардың қолжетімді болуы себеп болса керек. Оның үстіне, аңға қажеттіліктенемес, ішкі пысықандықтан шығатын есерлер көктем мезгілінде балапан құстарды да нысанаға алады екен. Осының салдарынан құстардың өсімі төмендеп отыр. Тағы бір айта кетерлігі – жылы жақтан келген жабайы құстар ұя салып, балапан өргізбей жатып оққа ұшады. Мамандардың хабарлауынша, көктемде бір құсты ату күз айында бес құсты атумен парапар.

Аңаулауға 19 ақпанмен 14 маусымаралығында тыйым салынады. Бұл аңшылықтың барлық түріне қатысты. Жаңа ережені сақтамағандар үшін әкімшілік айыппұл, тіпті, қылмыстық жаза да қарастырылған ■

Мәдениет

ҚАРҚАРАЛЫ БАСЫНДА – ЖАЛҒЫЗ АРША

Қарағанды қаласында Мәди Бәпиұлы атындағы III Республикалық дәстүрлі әншілер байқауы өтті. Еліміздің әр өңірінен келген күміс көмей әншілер кеншілер шаһарында өнер көрсетіп, қала тұрғындарының құлақ құрышын қандырды.

Қарқаралы ауданының тумасы, өз заманының озық тұлғасы атанған Мәди Бәпиұлы дәстүрлі ән мектебінде өшпес із қалдырды. Тағдырдың тезінен өтіп, туыс-туғандарынан қорлық көрген ақынның ғұмыры қысқа болды. Бірақ өзі кетсе де, көзі қалды. Оның жүрегін жарып шыққан әндер әйгілі композитор Е.Брусиловский операларында орындалады. Бүгінде әншінің ізін басып дәстүрлі ән орындаушы әншілер қазақ өнерінің бұл түрін қайта жаңғыртуда.

Мәди Бәпиұлы атындағы республикалық конкурс ең алғаш рет 2005 жылы ұйымдастырылған болатын. Осымен үшінші



мәрте өткізіліп отырған байқауда еліміздің жас таланттары, дәстүрлі әншілер бас қосты. Ең алғашқы байқаудың лауреаты Құрманш Ыбышев бүгінде конкурстың да, қатысушылардың да деңгейі анағұрлым өскенін атап өтті ■

Әдебиет

ОН ЖЫЛДЫҚ ОЙДАҒЫДАЙ ӨТТІ



Талай жастың талабын шыңдап, өнеріне дем берген «Жыр-жауһар» поэзия клубының ашылғанына 10 жыл толды. Осы уақыт аралығында клуб мүшелері айтарлықтай жетістіктерге жетті. Алды бірнеше кітаптың авторы атанып жатса, кейінгілері әдебиет әлемінің кереметімен сусындап, аға буын өкілдерінен сабақ алуда.

«Жыр-жауһар» клубы Гоголь атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапхана жанынан құрылды. Мақсаты – шығармашылық жолды таңдаған жастардың басын біріктіру, таланттарына қолдау көрсету. Әуелде бұл бірлестікте бар болғаны екі адам ғана болған екен. Кейін олардың қатары молая түседі. Бүгінде Арқа төсіндегі ең ірі шығармашылық бірлестікке айналып үлгерген.

Арқаның шығармашылық мектебі үлкен өмір мектебіндей. Аға буыннан үлгі алар жастардың жалыны – азулы ақындардың көңіліне жұбаныш. Бүгінде жалындаған жыры бар, қылшылдаған өткір қаламы бар жас буынның өсіп келе жатқаны – олар үшін үлкен мақтаныш.

Станиславский атындағы орыс драма театрының төрінде өткен мерекелік кешке жиналған көрерменнің қарасы қалың болды. Осы шараға арнайы ат басын бұрған құрметті қонақтардың қатарында есімі жалпақ елге мәшһүр болған ақын-жазушылар болды. Олар соңынан ерген бауырларына ағалық ақылын айтып, жүрекжарды тілектерін жеткізді ■

Қоғам

«ЕЛЕНА ЕЛДІ
АЛДАҒАН ЖОҚ»

Қарағандыда «Оптовка» дауы жалғасын табуда. Қаржы пирамидасының директоры Елена Колесникованың тұтқындалғанын естіген тұрғындар шеруге шықты. Олар алаяқтық бабымен айыпталған келіншекті босатуды талап етуде.

«Оптовка» қаржы компаниясына ақшаларын өз еркімен салғандар оны еселеп қайтарып алудан әлі де дәмелі. Олардың айтуынша, Елена Колесникова салымшылардың қаржысын қайтарып беруге құлықты болғанымен, құқық қорғау органдарының қызметкерлері бұған кедергі келтіріп отыр.

«Оптовка» құрылғалы бері, 100-200 мың теңге көлемінде бірнеше рет салым жасадым. Осы қаржыдан еселеп алған ақшамен үйге жөндеу жұмыстарын жүргіздім. Кейіннен қыркүйек айында көлігімді сатып, 1 миллион теңге көлемінде тағы да қаржы салдым. Енді оңай ақшаға қарық болармын деп отырғанда, «компанияға тексеру жұмыстарын жүргіземіз» деген желеумен «Оптовканы» жауып тастады. Компания директоры Елена бізбен қамауға алынбай тұрып кездескен болатын. Сонда барлық ақшаны қайтарып беруге уәде еткен. Алайда құқық қорғау қызметкерлері оны тұтқынға алды. Енді оның ақшамызды түрмеде отырып қайтара алмасы түсінікті. Сондықтан компания директорын қамаудан босатуын сұраймыз», – дейді Ақылжан Амантаев есімді салымшылардың бірі.

Ал Октябрь аудандық прокуратурасы қызметкерлерінің айтуынша, Елена Колесникова шу көтерілген тұста көмелет жасына толмаған балаларын шетел асырып жіберіпті. Өзінің жеке шотында айтарлықтай қаржы жоқ екен. Оның бір ғана мүлкіне шектеу қойылған. Бұл – «Lexus» маркалы автокөлік. Басқа мүлкі жоқ.

Жарты жыл ішінде тұрғындармен 4 мыңға тарта келісімшарт жасап, 1 миллиард теңге жинап үлгерген Елена Колесникованың халық сеніміне кіргені соншалық, тіпті, салымшылар оның қорғаушысына да ақшаны өздері жинап берген. Ішкі істер органдарына шағымданғандар саны да 50-ден аспай отыр. Полиция қызметкерлері қаржылық пирамиданың іс-әрекетінен зардап шеккен тұрғындар болса, жедел арада ішкі істер органдарына хабарласуын сұрайды ■

СІЗ ҚАНДАЙ КІТАП ОҚЫП ЖҮРСІЗ?

Кез келген кітаптың кодтық сөздері болады. Сол сөздерді көрген кезде, бұрын оқыған кітабыңның концепциясы көз алдында жүгіріп өтеді. Әлбетте, ол пікірлерді оқырман өзі тандауы керек. Өзі иланып, пікірлесіп, жанына жақын сөздерді қағазға түртіп отырса, оқыған кітабын ешқашан ұмытпайды. Керек кезінде талдап, тарқатады. Кей автордың қарапайым да құнды пікірлерін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Егер сіз солақай болмасаңыз, сіздің оң қолыңыз басыңыздың бұйрығы бойынша әрекет жасайды.

Ицхак Адизес

Тобыр қоғамның жоғарғы сатысында тұрған белгілі күштерге бойұсынады, олар өз беттерінше ойлай алмайды. Солардың арасында әлгілер үшін ойлайтын, ұлттық тобырлық сананы қалыптастырып, қоғамдық қозғалысқа келтіретін аз ғұлама болады. Қоғамды солар кесіп-пішеді, қалғандары құп алады, сөйтіп қозғалысқа түседі... Ал енді, айтыңыздаршы, осы біздің ғұламаларымыз қайда, кемеңгерлеріміз қайда?.. Қайсымыз бір нәрсеге бас ауырттық, сонда біз үшін кім басын ауыртады?!

Пётр Чадаев

Адамның ығына жығылмайтын кісілердің екі түрі бар: 1) Өзгенің сөзінен өз пікірін табатындар; 2) Өз сөзінде өзгенің пікірін қайталайтындар.

Василий Ключевский

Еркін ой дегеніміздің өзі – ойлау жүйесінің бір түрі. Еркіндігінің шегі бар деп немесе шетсіз-шексіз әлем деп ойлайсың ба – бәрібір, әйтеуір, түйсігіңді қозғалысқа келтіретін бір себептің бар екенін мойындайсың. Сондықтан мұны бостандықтың басы деп емес, шарттылықтың бастамасы деп қарауың керек.

Бәрінен бұрын әркім өзі болып қалуға тырыссын.

Бенедикт Спиноза

Меніңше, цивилизация сияқты мың сан үйірден тұратын ұлы ұғымның ішіндегі алмауыты – ойлана білу, оның мәдениеті. Бұл болмайынша, ұлттық сананың ілгерілеуі қиын. Бұл болмайынша, манағы айтқан еркіндігіңіз саяси-философиялық түсіндірме сөздіктердің ішіндегі жеті жол ергежейлі болып қала береді. Мәдениетін былай қойғанда, біз ойланудың өзінен қорқамыз. Күркіреген қырқыншының сарыны санада оймен бетпесті болудан қорқамыз. Қушық шеке болса, амал нешік, ал айтары бардың ойдан, ойланудың толғағынан қорқуының өзі – мәдениетсіздік. Іште, қараңғыда жатып ұлығанмен, ойдан батыл, ойдан жылдам не бар? Оның жылдамдығымен шендестіргенде дыбыстың, сәуленің жылдамдығы деген не? Тек ол қордаланған ой мәдениетке ғана тән абай-сабырдың безбеніне түсіп, тезінен өтпесе, әрине, болмайды; өйтпеген күнде жалаңбұт патриотизмнің пайдасынан зияны, түзігінен қисығы басым боп отырады. Әсілі, қым-қуыт өмірдің көп саласында, әсіресе өнерде, оның ішінде сөзінен ойы, баяндауынан баяны озып тұрмаққа керек өнерде кемталант болғаннан бейталант болған артық. Бейталант бейтарап, ал кемталанттың тілден бастап, ділге дейін сұғынбайтын жері

жоқ. Өзінен өреліге көзі түссе, пәлсапа айтқан болып қатын байбаламға салады; кухнядағы капуста қыршылдатар қор пышақ екенін мүлде ұмытып, жезмойын кездіксініп телше тілеп, телше тілгісі кеп тұрады. Түйін? Түйін – сол: өлердей «патриот» боп келетін шала интеллигент болғаннан болмаған да дауа. Көп кикілжің бөленің көбі – арыз, күстаналау, айтпағанды айтқан қылу т.т. – осы кемталанттан, шалабек пен алабектен қоздайды. Өзіл деп ұғыңыз: ду қол шапалақтау мен овацияның некесінен керең туады; ал шала менен аланың некесінен өзін қоғамның қорғаны санайтын опасыз пысықай туады; тексіздігін тектілікке теңгерер «сегіз қырлы серілер» туады; туады да, онсыз да миы ашыған халықтан мипалау жасайды.

Асқар Сүлейменов

Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де – бір антұрғандық.

Абай Құнанбаев

Тыныштықтың ішіндегі тыныштық – нағыз тыныштық емес. Тек тыныштыққа қозғалыс арқылы ие болғанда ғана шын мәнінде аспан табиғатының парқына жетесің. Сауықтың арасындағы сауық – нағыз қуаныш емес. Тек қана қайғы арқылы қуаныштың не екенін ұққан кезде жүректің немен өмір сүретінін түсінесің.

Хун Цзычен

Миллиардтап саналатын адам баласын бір-ақ, бірге сақтайтын қойма қайда? Мүмкін, өмірде табысқа жету үшін шамамыз келмейтін айға қол созудан саналы түрде бас тарту керек шығар? Төңірегіміз толған жау екенін кеңпейілдікпен мойындау керек шығар? Сөйтіп, өз бойымызда жалғыздыққа қарсы тұрар тегеурінді жылдамдатып

қалыптастыру керек шығар?
Кобо Абэ

Оқу жақсы әрі оқу керек те, бірақ мәңгі шәкірт болып қалу – адамға да, халыққа да қасірет.

Николай Карамзин

Қарызды еңбек үшін алсаңыз, жемісті болады. Ал қалғаны – құр нәпсінің бұйрығы.

Спарталық данышпан

Борхестің ойлары

Қоштасу – мәңгілік ажырасуды жоққа шығару деген сөз. Яғни бүгін ажырасқандай боламыз, бірақ ертең... сөзсіз кездесеміз. Адамдар өздерін кездейсоқ әрі қас қағымдық құбылыс санаса да, мәңгі өлмейтіндерін біліп, қоштасу дегенді ойлап тапқан.

Батылдық – шыдамның жемісі ғана. Біреудің төзімі үлкен, екінші біреудікі аз. Алайда ерте ме, кеш пе солардың екеуі де әлсірейді.

Нағыз әдебиет аңыз боп басталады, аңыз боп бітеді...

Мақсатыма адами ғұрыптың қарапайым қағидасын орындасам ғана жетем.

Қателіктен бірнеше адамның кейпінде болыппын. Енді өзім болсам деймін.

Алексей Чадаевтың ойлары

Халықтар – жеке тұлға сияқты адамгершілік иесі. Адамдарды жылдар тәрбиелесе, оларды ғасырлар тәрбиелейді.

Бұл қоғамда мүдде сенімнен қалыптасты, ешқашан да сенім мүддеден туған емес. Барлық саяси төңкеріс – шын мәнінде, адамгершілік төңкеріс. Ақиқатты іздеп, еркіндік пен игілікті тапты. Жаңа қоғам және ондағы өркениеттің өзгеше құбылуы тек осылай түсіндіріледі ■



Дайындаған: Бағлан ОРАЗАЛЫ

АЛАШТЫҢ АЛҒАШҚЫ МАТЕМАТИГІ

Осы аптада Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығы және қазақтың тұңғыш математик-профессоры Әлімхан Ермековтің 125 жылдығына, Қарағанды облысы әкімінің сыйлығына орай математикадан Әлімхан Ермеков атындағы республикалық олимпиаданың тұсауы кесілді.

Аталған шараның мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, практикалық дағдылары мен теориялық білімдерін тереңдету, дарынды балаларды анықтауға жағдай жасау, оқушыларды математикадан халықаралық олимпиадаларға дайындау, Қазақстан Республикасының білім дәрежесін көтеру.

Олимпиадаға Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі,

Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы, Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма, Қарағанды облысының білім басқармасы мұрындық болды.

Білім додасына республиканың барлық аймағынан іріктеуден өткен, есепке жүйрік 8-9 сынып оқушылары қатысты. Барлығы 143 оқушы ■



Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ жарыққа шығарған «Құнанбай» фильмі Уфа қаласында қазанның 26-сы мен 28-і аралығында өткен «Күміс Ақбозат» атты III Халықаралық ұлттық және этникалық кинофестивалінде Әмір Әбдіразақов атындағы «Ұлттық рух» жүлдесімен марапатталды.

«ҚҰНАНБАЙДЫҢ» «ҰЛТТЫҚ РУХЫ»

«Құнанбай» фильмі атақты дала кемеңгері, қарадан шығып хан атанған ұлы Абайдың әкесі Құнанбай Оскенбайұлының өнегелі өмірінің бір кезеңін қамтиды. Картинаның режиссері – Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері,

қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері, өнер ардагері Досхан Жолжақсынов.

«Құнанбай» тарихи көркем фильмі былтыр қыркүйек айында прокатқа шыққан. Осы жылдың қыркүйек айында Ресейдің Липецк қаласында өткен XII Халықаралық мұсылман кинофестивалінің негізгі байқауында көрсетілген болатын.

Ал 30 қыркүйекте «Еуразия» кинофестивалі шеңберінде Ұлттық кинематография өнері және Ғылым академиясы тағайындаған «Тұлпар» ұлттық киножүлдесімен марапатталды. Басты рөлді сомдаған актер Досхан Жолжақсынов «Ең үздік ер адам рөлі» жүлдесімен, фильмнің композиторы Төлеген Мұхамеджанов «Фильмнің ең үздік музыкасы» жүлдесімен, ал картинаның қоюшы-суретшісі Рустам Одинаев «Ең үздік қоюшы-суретші жұмысы» жүлдесімен

марапатталды. Сонымен қатар фильмнің Таласбек Өсемқұлов және Досхан Жолжақсынов жазған сценарийі үздік деп танылды.

Халықаралық «Күміс Ақбозат» кинофестивалі әлем халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын насихаттауға, ұлттық және этникалық бағыттағы фильм түсіруші кинематографистер шығармашылығын дәріптеуге, Ресей аймақтары және шетелдермен мәдени қатынасты дамыту үшін арнайы жасалған. Кинофестиваль Уфа қалалық округі әкімдігінің қолдауымен Башқұртстан үкіметі мен Башқұртстан Республикасының Мәдениет министрлігі, «Башқұртстан» киностудиясының ұйымдастыруымен өтті ■



АРТУРДЫҢ АЙТПАҒЫ НЕ?

Төтесінен қойылған сұрақ үшін оқырман қауымынан кешірім сұрағымыз келеді. Бірақ аты шулы №3 автопарктің «атақты» басшысы Артур Григорянның мәлімдемесінен кейін бұл сауал еріксіз қойылады екен. Аталған мәлімдеменің жасалу себебі мынада: 2016 жылдың 15 қарашасында автопарктер мен әкімдік арасында жасалған меморандум тоқтайды. Демек, алда ит пен мысықтың ойыны күтіп тұр деген сөз. Кішігірім «Л-Классико». Автопарктің бас бапкері де, сұрмергені де – Артур Григорян. Енді екі тараптың мүдделерін таразылап көрейік...

Автопарктер алақан жайғанда

Күтілгендей, Григорян мырза қылтиып қараша көрінгеннен-ақ тактикасын ашық жариялады. Бұл туралы ол «Сарыарқа даусы» пікірталас клубының жиынында астарлай отырып жеткізді. Меморандум төңірегіндегі әңгіме барысында Артур мырза: «2013 жылдың 15 қарашасындағы меморандум талаптарын біз толыққанды орындап шықтық. Бірақ бұл меморандумның уақыты бар. Ол үш жыл. Енді 2016 жылдың 15 қарашасынан бастап жаңа меморандумның келісіміне отыруымыз керек. Сол кезде мүгедектер мен зейнеткерлерге жасалатын жеңілдік туралы әңгімелесеміз», – деп әңгіменің бетін жылы жаба салды.

Негізінен, айта кетуіміз керек, Григорянның айтуына қарағанда, Қарағанды қаласы енді болмаса мүгедектер мен зейнеткерлердің қаласына айналып кете жаздаған. 80 теңгелік тариф түкке жарамсыз екен-міс.

Әлеуметтік жеңілдік жасалатын адамның көптігінен тарифтік баға 80 теңге емес, орта есеппен алғанда 63 теңгеге шақ келеді. Доллар бағамының соңғы үш жылда екі мәрте өсуін есепке алып көріңіз. Оның қымбаттауы автобус жабдықтарының қымбаттауына әкеп соғады. Жанар-жағармай бағасының шарықтауы тағы бар. Осының бәрі есепке алынуы тиіс екенін алға тартты Артур мырза.

Екінші тараптың жауабы

«Билік басындағылар автопарктер алдындағы міндеттерін орындап, дотацияларды аударарды, – деп бастады сөзін депутат Сайран Сыздықова. – Олардың көлемі жыл сайын өсуде. Бірнеше санды атап өтейін. Дотацияның сомасы 2013 жылы 749 миллион теңгені құраған, 2014 жылы 866 миллион теңге, 2015 жылы 968 миллион теңге, 2016 жылы 1 миллиард теңгені құраған».

Депутаттың айтуынша, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына мемлекеттік қолдау көрсету керек. Мәселен, №3 автопарк жаңа автобустар сатып алу үшін несиелік пайыз мөлшерімен субсидия алған. Атап айтқанда, жылдық өтемнің 14 пайызын кәсіпорын үшін мемлекет төлейді. Сайран Сыздықова бұл жағдайдың дағдарыс уақытында көрсетіліп отырған жақсы қолдау екенін атап өтті.

Оны естіген Облыстық автокөлік кәсіпорындары қауымдастығының директоры Айнитдин Буралкин депутатқа қарсы шықты. Сарапшы да оны «Сарыарқа даусы» пікірталас клубының отырысына шақырды. Сайран



Сыздықованы «дотациялар мен субсидиялар» ұғымдарын шатыстырмауға шақырды. Жеңілдікке ие болған адамдардың төлемақысын тасымалдаушыларға әкімдік төлейді, ал субсидия, яғни шығындар үшін өтемақы төленбейді.


Түйін

Бұл күні нақты белгілісі – 15 қарашадан кейін зейнеткерлермен мүгедектер үшін әлеуметтік жолақы нормасы сақталады. Ал меморандум отырысы алдағы уақытта тағы қозғалатыны анық. Біз екі тараптың айтатынын сараптап шықтық. Бұл – басталғалы жатқан үлкен әңгіменің тұздығы ғана. Көңілде – алаң, үмітте – күдік, әліптің артын бағып көреміз ■

Аян МЕЙРАШ

СЕРІК АҚСҰҢҚАРҰЛЫ АҚЫМАҚТАР ЕЛІНЕ АЙНАЛЫП БАРАМЫЗ БА?

Осыдан біраз уақыт бұрын «Аргументы и факты» апталығы академик Сергей Капицаның «Россию превращают в страну дураков» (№37, қарашаның 9-15 жұлдызы) атты дабылды мақаласын жариялады. Бүкілресейлік қоғамдық пікірді зерттеу орталығының (ВЦИОМ) мәліметтеріне қарағанда, ресейліктердің 35 пайызы кітап бетін ашпайтын көрінеді. «Егер осы бетімен кете берсе, – деп дабыл қағады орыс оқымыстысы, – бұл елдің болашағы күңгірт».



Бұл – жалғыз Ресейдің басындағы жағдай емес, бұрынғы одақтас елдердің бөріне ортақ қасірет. «Жұмыс көп. Кітап оқуға уақыт та жоқ» деген сылтау елдің көсегесін көгертпейді. Қайта оны тығырыққа тірейді. Кешегі аға ұрпақтың жұмысы бүгінгі біздікінен аз болып па еді? Еңбек өнімділігі бұдан бұрынғы уақытта бүгінгіден әлдеқайда мол болған.

Қазір тау қопаратын небір еңгезердей жігіттер күзетші болып күн көріп жүр, еңбек еткісі келмейтін кержалқау! Кердең сері...

Адам мен маймылдың ағзасы өте ұқсас. Маймыл түк оқымайды. Адам кітап оқудың арқасында өркениет биігіне көтерілді! Міне, мәселе қайда?!

XXI ғасыр – ақпарат ғасыры. Атам заманнан бүгінге дейінгі мол қазына кітапханаларда жатыр.

Ертеде кітап болмаса да, халықтың ауыз әдебиеті кемеліне келіп еді. Мәселен, қазақтың халықтық эпосын алыңыз. Жас ұрпақ аталарының тізесінде отырып, миф пен аңыздардың көркемдікке суғарылған небір сұлу да ұлы нұсқаларын тыңдады.

Сонсоң дүниеге Жазу келді де, ол ойлы Оқырманды туғызды.

Академик С.Капица жоғары оқу орындарына абитуриент қабылдаудың соңғы нұсқасын ұсынады. «Ешқандай емтиханның керегі жоқ! – дейді ашулы академик. – Әрбір абитуриент өзінің қандай мамандықты не үшін таңдайтынын айтып, төрт-бес парақ сауатты шығарма жазып шықса, сол жетеді». Өз ойын сауатты жазып шыққан адамның зияткерлік байлығы мен мәдениеті, ақыл-ой деңгейі сол шығармадан-ақ айнаға түскендей көрініп тұрады.

Бүгінгі таңда бүкіл әлем тығырыққа тіреліп тұр! Неге дейсіз ғой? Кітап оқымайды! Көзі – теледидарда... Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» дәуірнамасын түпнұсқадан оқу мен теледидардан көре салудың арасы жер мен көктей!

Мәдениет министрлерінің еңсесі үкіметтегі барлық министрден биік болуға тиіс!

Мәдениетті коммерцияға басыбайлы құл қылудың соңы сорға айналып барады!

Мемлекеттік, ұлттық идеяға көз жұмып сенетін, өз Отаны, өз елі мен жұртын елжіреп сүйетін әскер мен ақша үшін өз елін де, өзгені де өлтіре беретін жалдамалы әскердің арасы да жер менен көктей! Бұл екеуі – бір-біріне мүлде кереғар, екі бөлек армия...

Өнердің өзгеше шедеврлері ақшамен жасалмайды, жүректен туады! «Мемлекет, – деп жазады академик, – өзінің күш-қуатын ақшамен немесе әскери күшпен еселей алмайды. Мемлекеттің мерейін Мәдениет қана тасытады! Мәдениет және оның даму деңгейі – ұлттық қауіпсіздіктің басты өлшемі».

Орыстар ой үстінде.

Ал біз қашан ойланамыз, осы?! ■

2012 ж.

КІМ КІНӘЛІ?



Фельдшер Плотников Ақмола аудандық денсаулық бөлімі саласында жиырма алты жыл істейді. Плотников – бүкіл Ақмола ауданының жұртшылығына белгілі, қадірлі адам. Бұл дәрежеге ол өзінің іскерлігімен, адал қызмет етуімен жеткен. Денсаулық майданының екпіндісі атанған адам. 1935 жылдың 17 қарашасында Плотников өмірінде болмаған бір уақиғаға ұшырады. Ақмола аудандық денсаулық бөлімінің меңгерушісі Михайловский Плотниковты қызметтен шығарып тастады.

Себеп? Себеп – сол: Плотников аудандық денсаулық бөлімінен көптен бері ала алмай келе жатқан еңбекақысын (1933 жылдың бергі еңбекақысы 4000 сомдай) қайта-қайта сұрап, Михайловскийдің мазасын алады. Михайловский бұған ашуланады, жатып кеп шамданады. Өйткені «сезікті секірет» деген сияқты. Михайловскийдің бір жасырын сыры бар еді. Ол өзінің бухгалтері Зубовпен бірігіп алып, аудандық денсаулық бөлімін жымқырып жүруші еді. Сондықтан Плотниковтан сескенуші еді. «Осы құрғыр ақшасын сұрап соңымнан қалмады, тегі, ұрлығымның шетін сезіп қалып, ішек-қарнымды ақтарып жүрмесе игі еді. Сондықтан осыны өз-өзімен әлек қылып қойсам, қайтер екен» дейтін. Ақыры ойлағанын істеді. Анау-мынау деп өтірік сылтау тауып, Плотниковты қызметтен шығарды да жіберді. Плотников ақшасын сұраса:

– Бухгалтерия бірсыпыра ақша құжаттарын жоғалтып алыпты, так что сенің аласыңның бар-жоғы маған мәлімсіз, – дейді.

Уақиға осыдан басталады. Плотников енді аудандық прокурордың «мазасын алады».

– Өзің не қылған мазасыз адамсың, арызыңды айттың, болды, нәтижесін күтіп, тыныш қана демалып жата бермейсің бе? Өндіріп берем деп айттым ғой. Прокурор екі айтпайтынын білмейсің бе? – деп соғады Ақмоланың аудандық прокуроры.

Плотников 4-5 ай жұмыссыз болып, прокурор айтқандай тыныш қана «демалып» жата берді. Бірақ 4-5 айдың ішінде үй ішінің барлық дүниесін сатып, ішіп-жеп қояды.

Бұл уақытта аудандық денсаулық бөлімінде тағы бір жаңа «уақиға» болып қалады: тергеу жүріп қалып, Михайловский мен Зубовтың (бухгалтердің) ұрлығы ашылды. Михайловскийден партия билеті алынады да, Зубов екеуінің мойнына соттың құрығы түседі.

Аудандық денсаулық бөліміне Данилов деген жаңа бастық отырады, бухгалтер де жаңарады. Діңкесі құрып салы суға кеткендей боп

жүрген Плотников жүгіріп жаңа бастыққа мұңын айтады.

– Жарайды, реттейін. Мен жаңа келген адаммын ғой, біраз орнығыңқырап алғанша, тұра тұр, – дейді жаңа бастық.

Плотников үміттеніп жүре береді. Бірақ күнкөріс қиын соғады. Сататын нәрсесі де қалған жоқ, бір өзіне қарап отырған алты жан бар, оның үстіне, өзі науқасқа шалдығады, жарымжан болып қалады. Бірақ қайткенде де күнкөріс таппай болмайды. Амал жоқ, амбулаторияға бір жеңіл қызметке кіреді. Бұрын айына 500 сом алатын Плотников амбулатория беретін 100 сомды қанағат етеді. «Ақшамды өндіріп алсам, тұрмысымды жөндеп алармын» деген үмітте болады.

Сейтіп жүргенде, аудандық денсаулық бөлімі тағы да бір «уақиғаға» ұшырайды. Жаңа бухгалтер қазына ақшасын қалтаға салып алып, аудандық бөлімнің былығы үстеле береді. Ол былық көбейген сайын, Плотниковтың үміті құрып барады. Өйткені көп былықтың арасында Плотниковтың «уақиғасы» біржолата жоғалып кететін. Баяғы прокурордың уәдесі далада қалды.

«Прокурор екі айтпайды» дегені өтірікке шықты.

– Уағдам уағда еді, бірақ... аудандық денсаулық бөлімінің былығы тым күшейіп кетті, тіпті, басым қатты. Қайта сіз маған көмектессеңіз қайтесіз? – деді прокурор.

– Қандай көмек сұрайсыз? – деді Плотников.

– Менің жүгімді біраз жеңілдетсеңіз, ісіңізді қайтып алсаңыз, басқа жерге айттып көрсеңіз, – деді «екі айтпайтын» прокурор.

Баяғы баяғы ма, Плотниковтың халі енді тіпті жаманға айналды. Қатын-баласы шулап, аш-жалаңаштық көрді. Бұл Плотниковқа ажалмен бірдей көрінді. Ашу, ыза Плотниковты билеп алды, Плотниковтың шаршаған денесі мен ақыл-ойы кернеген ызаға төтеп бере алмады. Содан өз өмірін үзуге бел байлап, у ішті. Өйтеуір, дәрігерлердің жедел жәрдемі арқасында Плотников тірі қалды. Бірақ не керек, құр денесі қалғаны болмаса, ақылынан адасып кетті. Кешегі дәрігер Плотников бүгінгі жыңды атанды. Бұл уақиға жөнінде «Социалистік Қазақстан» газеті ертеде-ақ өз пікірін жазып, Ақмоланың аудандық прокурорынан жауап талап етіп еді. Бірақ Ақмоланың аудандық прокуроры оны елең қылмады, ежелгі қыңырлығын әлі жойған жоқ.

Плотниковтың және оның үй ішінің халі қазірде тіпті нашар. Ақшасын әлі алған жоқ. Жындандыруын жындандырғанмен, оны емдеуді, сауықтырып шығаруды ойлаған ешкім жоқ. Ақмоланың аудандық денсаулық бөлімі:

– Ондай ауруларды емдеуге бөлінген қаражатымыз жоқ, – деп маңына жолатпайды.

Уақиға осылай.

Бұған кім кінәлі? Біздіңше, Ақмоланың аудандық денсаулық бөлімінің оңбаған басшылары кінәлі, аудандық прокурор кінәлі. Ендеше осылар апталдай азаматты осыншама қорлағаны үшін әлеумет алдында жауапқа тартылып, тиісті сыбағаларын алсын, Плотниковтың адал еңбегі толық өндірілсін, тез емделсін дейміз ■

Қасым АМАНЖОЛОВ

Акция

«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН» ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Тәуелсіз Қазақстан» пойызы жолға шықты. Экипаж мүшелері 43 күннің ішінде 35 елді мекенді араламақ. Бұл жөнінде Орталық коммуникациялар қызметінің кезекті брифингінде айтылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен өтетін республикалық науқан мақсаты – тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерді халықпен бөлісу, шалғайдағы ағайынның рухын көтеріп, қазақстандықтарды мазалаған мәселелерге ортақтасу. Мәжіліс депутаттары, түрлі құзырлы орган өкілдері, дәрігерлер мен заңгерлер мінген

пойыз аялдаған бекеттерде дәрігерлік, қоғамдық қабылдаулар, консультациялық кеңестер және түрлі қайырымдылық шаралар өткізуді көздейді. «Биылғы тәуелсіз пойыздың құрамында 270 адам бар. Әр министрліктен, мемлекеттік органдардың өкілдері арнаулы уақыт ішінде осы науқанға қатысады. Әлеуметтік, құқықтық, медициналық көмек көрсетіледі. Жоғары дәрежелі 26 дәрігер аялдама жасаған бекеттерде медициналық кеңестер беріп, өз жұмыстарын атқарады», – дейді «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ филиалы басқармасының басшысы Руслан Барбасов ■



Мәссаған

ТАСЖҮРЕК АНА ТАҚЫРЫБЫНДА



Қаршадай қызды аяусыз соққыға жығып, бейнекамераға түсіріп алған ананың әрекеті әлеуметтік желі қолданушыларының наразылығын туғызды. Кейін бұл бейнежазбадағы келіншектің Павлодарда тұратыны анықталды. Жергілікті қамқорлық органы әйелді ата-ана құқығынан айыру туралы талап-арыз дайындап жатқанын мәлімдеді. Ал безбүйрек ана бұл әрекетін ауыр психологиялық қысым салдарынан жасағанын түсіндірді.

Шенеуніктердің пікірінше, балаға қатыгездік танытқан адам міндетті түрде жазалануы тиіс. Бірнеше күн бойы елдің жағасын ұстатқан бейнежазба авторы істеген ісіне өкінетінін айтты. Тілшілерге берген сұхбатында Нұргүл Докуова мұндай әрекетке эмоциялық ауыр

қысымнан барғанын айтып отыр. 34 жастағы әйелдің сөзінше, бұған дейін ешбір баласына қол тигізіп көрмепті. Олардың тәрбиелі, жан-жақты болып өсуі үшін барынша жағдай жасағанын алға тартуда. «Ол адамдар маған өте ауыр соққы жасады. Сондықтан әрекетіме жауап бере алмай қалдым. Өз басымдағы халді ешкімге ашып айта алмадым. Қазір мен балам үшін қатты алаңдаймын. Оны өзіме қайтарғым келеді. Үлкен қызым да уайымдап күнде жылайды. Менің мына қылығым үшін кешіріңіздер! Балаларымның анасыз өскенін қаламаймын», – дейді Нұргүл Докуова. Қамқоршылық органының өкілдері Нұргүлдің бұл өкінішінің ескерілетінін мәлімдеді. Өйтсе де баласын ұрып, оны камераға жазған ананың жазаланбай қоймайтынын айтты. Бүгінде шенеуніктер әйелді ата-ана құқығынан айыру жөнінде тиісті жұмыстарды бастап кеткен. Бәрі ойдағыдай болса, Айлин әкесінің қамқорлығына алынбақ ■

Шекара

ҚАЙТҚАН ЖЕРДЕ ҚАЙЫР БАР

Ресейдің Қорғаныс министрі Сергей Шойгу Қазақстандағы Ембі полигонын жалға алу және пайдалану жөніндегі келісімді тоқтату туралы мемлекетаралық хаттамаға қол қойды.

«Бұл хаттама Ресейдің Қазақстаннан жалға алған полигондары учаскелерін оңтайландыру бойынша Қазақстан мен Ресей президенттерінің келісімін одан әрі жүзеге асыру мақсатында даярланған. Бұл бағыттағы жұмыстардың бірінші кезеңі Сарышаған полигоны мен Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының 2015

жылы №929 әскери алаңы шекараларын нақтылау жөнінде қол қойылған құжатпен байланысты болатын», – деп түсіндірді Ресей Қорғаныс министрлігі басшысының орынбасары Анатолий Антонов. Хаттама бойынша, 300 мың гектарға жуық жер жалға алу аймағынан шығарылады. Осы арқылы Ресей федералдық бюджеттен полигонды жалдау үшін жыл сайын жұмсалатын 0,718 млн доллар үнемдемек. Алайда олар келешекте Қазақстанның Қорғаныс министрлігімен байланысын дамытуға үмітті екенін хабарлап отыр ■



Спорт

ӨЗ ҚЫЗЫМЫЗДЫ ҚЫЗҒАНЫП ҚАЛДЫҚ



Бибісара Асаубаева 12 жасқа дейінгі қыздар арасындағы шахматтан кезекті рет әлем чемпионы атанды. Қаршадай ғана қыздың жеңісі туралы Инвестициялар және даму министрлігі Индустрия және туризм департаментінің директоры Марат Иғали Facebook парақшасында жазды.

«Асаубаева Бибісара 12 жасқа дейінгі қыздар арасында шахматтан кезекті чемпион атағына ие болды! Құтты болсын!» – дейді ол. Бибісара еліміздегі ең талантты шахматшылардың бірі саналған еді. Ол осы уақытқа дейін оқушылар

арасында үш дүркін әлем чемпионы атанып үлгерді. Жеті жасында әйелдер арасындағы ФИДЕ шебері атағын алды. Ол тарихы мыңдаған жылдарға созылған, ең көне әрі ақылды талап ететін ойын арқылы еліміздің атағын шығарып, абыройымызды асқақтатып келген болатын. Бірақ бұл жолғы жеңісі қазақстандықтарға қуаныш сыйлай алмады. Себебі ол өткен жылы Ресей Федерациясына көшіп кетті. Байрақты бәсекелерге де сол елдің атынан қатысуда. Бибісара Асаубаеваның анасы бұл қадамға Қазақстан Шахмат федерациясы тарапынан тиісті қолдау көрмегендіктен барғанын айтып отыр. Ол қызының жан-жақты білім алып, болашағы жарқын болуын тілейді. Сондықтан заманауи білім алуға және қаржылық мәселесін шешіп беруге уәде берген көрші елдің ұсынысын қабыл алған ■

86-НЫҢ ДЕРЕГІ

Желтоқсан көтерілісіне қатынасып

«Арқа ақшамы» газетінің электронды поштасына тарих ғылымдарының докторы Болатбек Нәсеновтің «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕЛТОҚСАН (1986) КӨТЕРІЛІСІНІҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗЫ» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына жолдаған «1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде сотталғандар туралы қысқаша деректер» мақаласы келіп түсті. Бұл мақалада ұлт мүддесі үшін алаңға шығып, сол үшін айыпты болған азаматтардың тізімі берілген және олар туралы бірқатар тың деректер ұсынылған екен. Мақаланың үзіндісін назарларыңызға ұсынып отырмыз. Ерлердің есімі есте қалуы керек!

қорлық көрген студенттер, «интеллигенттердің» біразы туралы деректерді ұсынғым келді. Соның бірі, ату жазасына кесілген студент Рысқұлбеков Қайраттан бастайық. 1. Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлы 13.03.1966 жылы Жамбыл облысының Мойынқұм ауданына қарасты Бірлік ауылында туған. ААСИ ППС студенті (тергеу ісі 1987 жылы 5 қаңтарда басталып, сәуірдің 16-сында біткен. 116 бет). Оған қарсы жауап берген куәгерлер: 1) Гарин Ян Давидович – еврей, Республикалық радио-телеорталықта аға электромеханик. 2) Рыжкова Светлана Евгеньевна – орыс, дыбыс операторы. 3) Дорошина Наталья Геннадьевна (1961 ж.) – орыс, дыбыс операторы. 4) Валиева Наталья Васильевна – орыс, дыбыс операторы. 5) Курбантаев Радик Бахадирович (1964 ж.) – кинооператор. Барлық куәгер – 28 адам. Олар «400метржерденРысқұлбековті көрдік» деп өтірік жала жапты. СоттаРысқұлбековҚайрат: «Русским языком владею, но нуждаюсь в переводчике. Показания буду делать на казахском языке», – деді. Рысқұлбеков сотта былай деді: «Прокурордың орынбасары маған: «Сен Савицкийді ұрған менмін деп мойында», – деп, 8 қаңтарда мен солай жазып бердім. Өйткені маған тағы да маңызды істер жөніндегі аға тергеуші: «Егер мойындамасаң, онда саған ату жазасын береді, ал егер мойындасаң, өміріңді сақтап қаласың», – деді. Маған: «Сотта ол туралы айтушы болма», – деп ескертті. Сол себепті мойындадым. Мен үндемеген соң, тергеуші Қарыбалов маған «фашиссің», «халық жауысың» деп аузына келген сөзді айтып, балағаттай бастады. Мен мұндай сөзді естіген кезде, жылап тұрып ол кісіден мен бұлай атамауын өтіндім. Бірақ ол кісі менің айтқан өтінішіме құлақ қоймай, одан әрі адамның жаны түршігетін сөздерді естірте берді. Одан кейін тергеуші Абдрахманов мені сол 16-кабинеттен шығарып, басқа жаққа апарып, болмаған істі мойындату үшін ұрып-соқпақшы болды. Ол бұл ойын барлық тергеушілердің алдында ашық айтты. Бірақ та ондай заңсыздыққа аға тергеуші Дубаев жол бермеді». Тергеушілердің, соттың әділетсіздігіне бар жан-төнімен наразы болған Қайрат арыздың ішіне мынадай өлең жолдарын жазыпты: Жас болсам да, тұзым көп татып көрген, Заң жағынан білімім болмаса да, Іздеп келем өлгенше «шындықты» өрден. Алайда ең үлкен жалғандықты сот залында «азамат соттан» көрдім. Білгіңіз келсе, мұны да айтып берем, – дей келіп, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің төрағасына арыз жазыпты. Сонда Мұқашев жолдасқа тағы да былайша арыз жазыпты:

«Қазақ ССР-ның Жоғарғы Советі Президиумының Председателі С.М.Муқашевке Сот үкімі арқылы ең жоғарғы жазаға кесілген жазаланушы Рұсқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлынан Кешірім беру туралы сұраныс

...Мен ес білгеннен осы уақытқа дейін әкем сиыршы, шешем сауыншы болып жұмыс істеп келеді. Әке-шешем семьяда сегіз бала тәрбиелеуде. Бәріміз де тату-тәтті, тәртіпті, еңбекқор болып өстік». 22 беттен тұратын арызда (15-бетінде) былай депті: «...Дубаев Ішкі істер басқармасының тергеу изоляциясындағы мен жатқан №7 камераға өзінің тәжірибесі мол жансызы Веселев Павелды мені болмаған істі мойындатуға азғырып, үгіттеуге жіберді. Оның жансызы екенін кейіннен білдім». Оның ішінде өлеңмен арыз жазыпты (22-бет): «Азамат сот осылай кәрін септі, Кәрін септі, жас гүлге өлім септі. Жалғандықпен жаза алып, жанға батты, «Шындықты» таптап сот кетіп бара жатты.

Жас баланы өр тағдыр өкпелетті, Жалғандықпен заманың шетке тепті. Жала жауып, жалған көрсетуші Куәгерлердің мерейі көкке жетті.

Қайта құру әрі әділдіктің орнауы кеп, Жатыпатар жалғандықтың болмауы деп, Жалғандыққа қарсы шығып «Адалдық» деп, «Шындықты» шешетін де уақыт жетті.

Сеніңіз, мен шындықты айтып бердім, Болған істі болғандай жазып бердім. Шындықпен, адалдықпен, әділдікпен Көңіл бөліп шешеді-ау деп сізге сендім.

Біріншіден, туған анам алдында, Екіншіден, Отан ана алдында, Үшіншіден, сіздің де алдыңызда Анамның ақ сүтімен ант етемін.

Сеніңіз, рухыңыздан өтінемін, Жоқ еді ешқандай адам өлтіргенім, Сеніңіз, қолымнан келмейді адам өлтіру де, Сонда да өлтірді деп жаламен кестіруде.

Егер де жалғандыққа жол берсеңіз, Дұрыс шешілген деп сот үкіміне де көнсеңіз, Мен-дағы ақталып не қылайын, Шапсаңыз да мейліңіз, атсаңыз да, Мінеки, жазықсыз басым дайын».

Істің 71-беті, хатының 21-бетінде: «Сіздің менің бүлдіршіндей жас екенімді, ұлы өмірге енді-енді қанат жайғанымды, қатарға қосылып сенімді ақтай алатындығымды, Отан

қызметіммен атқарғанымды, жақсы істерімді ескеріп, мейірбандықпен кешірім беруіңізді өтінемін.

Қ.Н.Рысқұлбеков, 2 шілде 1987 жыл». Фонд 1680. Оп.2. Д.3346.

Бұл ғажап хатқа Жоғарғы сот жауапты 1987 жылы 22 шілдеде (№26187) былайша беріпті:

«Президиум Верховного Совета Казахской ССР

Заключение по поводу помиловании Рыскулбекова К.Н.

Общественный обвинитель Жұмабаев Ж.М. от коллектива студентов и профессорско-преподавательского состава строительного факультета архитектурно-строительного института просим определить Рыскулбекову строжайшую меру наказания. Учитывая исключительную тяжесть совершенных преступлений и личность осужденного, полагаю, что ходатайство о помиловании Рыскулбекова К.Н. следует отклонить.

Председатель Верховного суда КазССР Т.К.Айтмухамбетов».

2. Әбдіқұлов Мырзағұл Тәжіғұлұлы Шамалғанда жүргізуші дайындайтын комбинатта оқып жүрген. 1965 жылы Қызылорда облысының Қазалы қаласында туған. Қазақ КСР Жоғарғы соты өлім жазасына кесті. Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің сұрауына Республиканың Жоғарғы соты мен прокуратура кешіруге болмайды деп қарсылық көрсетіпті. КСРО Жоғарғы кеңесінің төрағасы ГРОМЫК 20 жыл түрмеге ауыстырды. 3 Сәбитова Жансая Әлкейқызы 1948 жылы Алматы облысының Балқаш ауданына қарасты Бақанас селосында туған. Қазақ, түрмыста, бірбаласыбар (1981 ж. т.), Алматының №19 кешкі орта мектебінде физикадан сабақ берген. Жазықсыз сотталғандардың бірі, нағыз патриот. Соттың ұйғарымында былай депті: «Сабитову Жансаю Алькеевну признать виновной по ст.ст.60-65 Уголовного кодекса КазССР, назначить 5 лет лишения свободы. Сабитова Ж.А. пошла против государства, против власти, против русского народа. Согласно показаний Сабитовой Ж.А., которые она ни разу не меняла, она действительно вечером 18 декабря 1986 года готовила плакаты». Жансая Әлкейқызы сотта мынадай батыл сөздер айтыпты: «Я не отрицала и не отрицаю, что изготовила листовки и плакаты. Мотивы для таких действий были таковы: 1. Неправильно решенный национальный вопрос, послуживший предпосылкой для столкновения вполне дружественных народов.

2. Идентичность негативных явлений по всему Союзу и непонятно почему поставили в пример Казахстан – Россия.

3. Очевидная односторонность в оценке, происходящих событий, данная в официальном совещании по радио 18 декабря 1986 года после 20-00 часов, в частности обвинение молодежи, самой безвинной части советского общества, которую увещали теоретически честными, справедливыми, гуманными и всеми другими высокими моральными принципами, а на практике показывали примеры совершенно противоположные и опять оказались виновными меньше всех виноватые. Отсутствие пунктов по сбору общественного мнения, которые явились бы внушительным подтверждением демократизации провозглашенной Апрельским (1987 г.) Пленумом ЦК КПСС.

Мне становится ясным теперь, что многие в том числе и я, не имея возможности высказать свое мнение по происходящим событиям оказались на скамье подсудимых. Этот факт находится в глубоком противоречии с теоретическими концепциями наших законодательных органов – не создавать условий для выступлений, когда же это будет на практике. Мои личностные качества – не праздно, а глубоко переживающего провидца возможных отрицательных явлений, происходивших в обществе задолго до декабрьских событий 1986 года (отказ от вступления в партию в 1976 году).

Представители органов внутренних дел с которыми мне приходится говорить, одержимы манией видеть за моей спиной каких-то лиц, идейно руководящих моими действиями. Я еще раз утверждаю, что за мной никто не стоит, а если внутренним органам удалось их установить, буду рада познакомиться, в противном случае, намеки необоснованные, считаю не делают чести нашей Фемиде».

Міне ғажап. Қандай батыл айыптау. 4. Уақов Әркен Батталұлы – 1930 жылы Павлодар облысының Шарбақты ауданына қарасты Тайсойған ауылында туған. Қазақ. Мәскеу тау-кен институтын бітірген. Үш баласы бар. Мәскеу институтының күндізгі бөлімін аяқтап, Геология барлау институтының сырттай оқитын аспирантурасын 1965-1966 жылы бітіріп, техника ғылымдарының кандидаты атағын қорғаған. 1966 жылы Қазақ политехникалық институтының аға оқытушысы болып тағайындалады. Одан кейін доцент болып сайланған. 1971 жылдан Қазақ мемлекеттік университетінде аға ғылыми қызметкер болып еңбек етеді. Соңғы жылдары Сәулет-құрылыс институтында кафедра меңгерушісі, доцент болған.

1975 жылдан Торғай геология барлау экспедициясының бас инженері болып жоғарылатылады. Ірі екі монография жазып, бұрғылау ісіне жаңалықенгізген. Оныңбасқаруымен 1976 жылы Орлов геология барлау экспедициясында бұрғылау ісі алға басып, өндірістің қуаты көтерілді. Бас инженер ретінде Уақов өзін өте жігерлі, ынталы, басқару қабілеті жоғары маман ретінде көрсеткен. Бұл – Солтүстік Қазақстан өлкелік геология басқармасының берген мінездемесі.

Ал сотқа төрт мәселемен жауапқа тартылды, республиканың барлық облысынан,Өзбекстаннан,Мәскеуден Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жауапты офицерлеріне (20-дай офицер) тексеру ісін тапсырды. Дәл

осындай тексеру 1937-1941 жылғы «халық жауларын» соттағанда да болмаған шығар. 1987 жылы 23 қаңтарда Уақовтың ісіндегі жауаптарға қысқаша тоқталайық.

«Протокол допроса свидетеля Голубкова Николая Петровича – Тургайе бокситов рудоуправление – водитель автомашины (11 час.10 мин. до 12 час. 40 мин.).

В памяти у меня Уваков остается, как умелый организатор производства, очень энергичный и строгий. В то же время он был очень груб, самоуверен, не терпел мнение других людей».

Сотталған адамдардың арасында ең ауыр іс Уақов Өркен Батталұлының ісі болды десек, өтірік болмас. Түрлі сылтаумен бір басына Желтоқсан көтерілісінің қозғаушы күші, ұйымдастырушысы деп Мәскеуден арнаулы МҚК офицерлерін шақырып, 2 жыл бойы істі оңды-солды тексереді. Оның бұрынғы істеген жерлеріндегі барлық маманнан жауап алды. Тіпті, Украина, Белоруссия, Ресейдің түкпір-түкпіріне ертеде кетіп қалған, бір кезде (10 жыл бұрын) бірге істеген шовинист-жалақорлардан да жауап алды. Тіпті, «бір студенттер бір жерде тұрған екен, аты бөленбай, соны табыңдар» деп Шымкент облысында алыс ауданда жатқан азаматты да бірнеше рет мазалаған. Сонда олар не іздегендерін өздері де біле қоймас.

«Студенттерге алая қарады. Қазақ балаларына ерекше құрмет көрсетті. Орыстарды қудалады. «Сабақты студенттерге қазақша жүргізу керек», – деді» деп те айыптады.

Уақовтың көрген азабын бірде-бір желтоқсандық басынан өткізген емес дей аламын. Сотталғандардың арасынан Магаданға айдалған да жалғыз сол болар. Көпшілігі оны ақтап сөйлеген.

Айыптау қорытындысында жауап бергендер арасында Торғай экспедициясында өзінің орнына алыстан үгіттеп алып келген бас инженері нағыз сатқындық мінез білдіріп былай депті: «...К лицам казахской национальности Уваков относился лучше, доброджелательно, добивался чтобы на должностях управленческого состава экспедиции и поисковых партий назначались казахи. При этом он говорил мне при моем увольнении, а я оставался на должности главного инженера ТГРЭ, как бы давая поучительный совет, что при освобождении должностей казаха обязательно должен заменить казах».

Уақовқа тағылған айыптар:

«1. Обвинение в организации массовых беспорядков.

В приговоре указывается, что Уваков будучи недовольный решением V Пленума ЦК Компартии Казахстана подвижимый националистическими чувствами, прибыв на дежурство в ночь с 17 на 18 декабря 1986 года после 12 часов ночи в общежитие №1 (ААСИ) в присутствии преподавателей Адилова М.Ж., Касымбаева М.И., Парамзина А.М., студентов Оспанова Е., Амиржанова Б.К. и Ахимова О.Х. клеветнически описывая события, происходящие на площади им.Брежнева, разжигая националистические настроения, при этом Уваков упрекал присутствующих в том, что они не вышли на площадь и не присоединились к студентам.

2. Обвинение в нарушении национального равноправия.

Указанное обвинение по приговору суда заключается в следующем: При приеме экзаменов у студентки Смирновой, которая изменила свою фамилию Ермагамбетова на Смирнову, подчеркивал национальную исключительность



казахского народа, нанес ей оскорбления, говоря, что русские заполнили весь Казахстан, вас русских надо гнать из республики... Это нечто иное как злобное высказывание Смирновой лишено всяких оснований и считать установленным его нельзя.

3. Обвинение в получении взятки.

Суд признал установленным получение взятки от г.Афонина в виде кафельной плитки, стоимостью 208 руб. 50 коп.

В приговоре указывается: Что Афонин был вынужден дать взятку Увакову за содействие в сдаче экзамена по защите дипломной работы, в будущем указанное обвинение не соответствует материалам дела. Уваков заявляет, что кафельную плитку он купил у неизвестного гражданина, от Афонина плитки не брал.

Афонин по поводу передачи кафельной плитки дает противоречивые показания, неожиданно Афонин изменил свои первоначальные показания».

Енді бір соттың ұйғарымында: «Уваков А.Б. – 57 лет. Всю свою сознательную жизнь он честно и добросовестно трудился, об этом свидетельствуют материалы в делах. Имеет семью – жену и троих детей.

В настоящее время Уваков А.Б. тяжело болен. После перенесенной операции – удаления желчного пузыря в гнойном состоянии, постоянно возникают осложнения. Поэтому он часто болеет. Находится под постоянным наблюдением врача».

Уақов 7 жылға сотталып, оның екі жылын Магаданда өтеді.

Уақов А.Б. ісінің сөтті аяқталуында Мұхтар Шахановтың еңбегі зор.

Мынадай хатты оқып көз жеткіземіз.

«Комиссия Президиума Верховного Совета Казахской ССР по окончательной оценке обстоятельств, связанных с событиями в г.Алма-Ате 17-18 декабря 1986 года

8 августа 1990 года.

Председателю Верховного суда КазССР тов.Айтмухамбетову Т.К.

Уважаемый Тамас Калмухамбетович! Единственное уголовное дело по декабрьским событиям 1986 года, которое Комиссия не смогла рассмотреть, это уголовное дело Увакова А.Б., осужденного Верховным судом КазССР по ст.ст.60, 65 и 146 ч.2 поскольку оно полтора года находилось в Прокуратуре СССР. В настоящее время дело Увакова передано на рассмотрение Верховного суда КазССР по протесту

Прокуратуры КазССР.

Прошу Вас до рассмотрения дела в Верховном суде, передать его временно до 20 августа 1990 года в распоряжение Комиссии для рассмотрения независимыми экспертами, приглашенными специально по этому делу.

Сопредседатель Комиссии, член Верховного Совета СССР, народный депутат СССР М.Шаханов

5. Салихова Нағима Асқарқызы 1962 жылы 23 шілдеде Семей облысының Көкпекті ауданына қарасты Құмған селосында туған. Қазақ, тұрмысқа шықпаған, партия мүшесі. Алматының баскіім тігетін фабрикасында бухгалтер-оператор болып еңбек еткен.

1986 жылдың 19 желтоқсанында тұтқындалған. Соттың шешімімен 3 жылға бас еркінен айырылды.

Соттағы бір-екі эпизодты айта кеткен дұрыс болар:

«Подсудимая Салихова Н.А. узнала 17 декабря 1986 года на работе и посетив общежитие женского педагогического института о происходящих в городе массовых беспорядках, прибыла с проживающей с ней в одной комнате в общежитии Алма-Атинской фабрики головных уборов Калимовой А.Г. 10 часам в сказанное выше общежитие, из националистических побуждений в целях продолжения массовых беспорядков и вовлечения в них работников фабрики, являясь членом партии и пользуясь связями и с этим определенным авторитетом, собрала группу работниц и сказала: «На площади представители власти избивают студентов», возбуждая националистические чувства призывала их к неподчинению органам госвласти и администрации фабрики не выходить на работу, а идти на площадь.

Второй эпизод: В решениях суда: ... Лично ее Председатель профкома Кучина вытасила из толпы, она обратилась к ней словами: «Нагима, ты же коммунистка, что ты делаешь».

Она пыталась удержать ее, но та ее не послушалась и присоединилась к толпе, которая уже сорвала замок на двери. Вместе с ними направилась на площадь, но в пути следования их разогнали. Она в суде заявила: «Кто дал право избивать студентов. И я, и они выразили свое мнение. За что судить будете».

Бұл көтерілісті республиканың барлық облысының студенттері қолдады. Олар да Алматыдағы милиция, солдаттардың айуандықтарына наразылық білдірді. Солардың бірі ретінде Қарағанды мединститутының 17 жастағы 3 студент қызы қарсылық көрсеткені үшін 1,5 жылға сотталды.

6. Соның бірі – Еркімбекова Әлия Төреханқызы (1969 жылы 25 ақпанда Шымкент облысының Кентау қаласына қарасты Байжансай поселкесінде туған). Қазақ. Қарағандының облыстық соты 1,5 жылға соттады. Орындалуын 2 жылға шегерді. 5 листовканы орыс тілінде жазған.

7. Досанова Жанат Әбдрахманқызы 1969 жылы 15 мамырда Қарағандыда туған. 1,5 жылға кесілді. 2 жылдан кейін орындалды. 5 листовканы орыс тілінде жазған.

8. Мусина Гүлден Қанафияқызы 1969 жылы 1 тамызда Қорғалжын ауданының Кеңбидайық селосында туған. 1,5 жылға сотталды. Орындалуын 2 жылға шегерді. 3 листовканы қазақ тілінде жазған.

9. Тәшенов Түгелбай Тұржанұлы 1961 жылы Қарақалпақ АКСР Конград ауданындағы Конград қаласында туған. СМУ-37-де ағаш шебері болып еңбек етті. Құрылыс техникумында оқып жүрген (3-курста). 15 жылға сотталды.

10. Көпесбаев Ертай Тәңірбергенұлы 1966 жылы Семей облысының Шар ауданында туған (екінші бір жауапта Алматы облысының Қаратал ауданында туған). Әкесі Семей облысының Шар ауданында Ауылшаруашылығы басқармасында бас ветеринар болып еңбек еткен. 4 жылға сотталды.

11. Тайжумаев Жамбылбек Қожамқиярұлы 1962 жылы 25 тамызда Жамбыл облысының Жамбыл ауылында туған. 15 жылға сотталды.

12. Күзембаев Қайыргелді Қалияқпарұлы 1959 жылы Көкшетау облысының Еңбекші ауданына қарасты Степняк қаласында туды. 13 жылға сотталды.

13. Бейсембаев Ерлан Бірманұлы 1964 жылы Қызылорда облысының Қармақшы ауданына қарасты Ленин совхозында туған. 7 жылға сотталып, соңынан 2 жылға бас еркінен айрылды.

Соттың шешімінде 17 желтоқсанда (1986 ж.) Алматы зооветеринария институтының студенттері алаңға кетті дегенді естіп, сабақтан кетіп, сол алаңға келгені айтылады: «...В пути следования Бисембаев, находясь во главе колонны выкрикивал вместе с толпой националистические лозунги, длительное время нес в руках лозунги, содержание которых призывало к соблюдению равноправия всех граждан, независимо от национальности, утверждая, что это равноправие в Казахстане не соблюдается. В лозунге слова Ленина В.И.: «Ни одной привилегии ни одной нации, ни одному языку».

14. Тлегенов Жармұхамет Хажмұхамбетұлы 1954 жылы 3 тамызда Қостанай облысының Орджоникидзе селосында туған. Қазақ, жоғары дәрежелі педагог. Үйленген. 2 жаста баласы бар. Алматы мемлекеттік театр институтының 4-курсында оқыған.


Сот шешімінде былай делінеді: «17 и 18 декабря 1986 года в г.Алма-Ате на площади им.Брежнева принимал активное участие в массовых беспорядках, а в 10-11 часов 18 декабря 1986 года на пересечении улиц Фурманова и Сатпаева собралась значительная толпа вооруженная палками и продолжала бесчинствовать.

Тлегенов Ж.Х. выступил в роли организатора и подстрекателя массовых беспорядков».

Соттың шешімімен 5 жылға бас бостандығынан айырылды.

Болатбек НӘСЕНОВ,
тарих ғылымдарының докторы

ОРТЕГАДАН – ОН КЕҢЕС



Кәсіппен айналысу деген – сіздің «тәуекелге бел буып, үлкен бір жемісті істің басын бастадым» деген сөзіңіз. Қарапайым тілмен айтқанда, қалтаңыз толып, көңіліңіз орнында болады. Осы ретте сіздерге Zara, Bershka, Oysho, Stradivarius, Uterque атты брендтердің кірпішін қалаған Амансио Ортеганың кәсіпкерлік ақылын ұсынып отырмыз:

- 1 Шешім әрдайым логикаға құрылуы керек. Өрқашан;
- 2 Адамдар алдында нақты әрі шынайы болу керек. Және өзіңізді солардың орнына қойып көру керек;
- 3 Басшы – тек мансап емес, сонымен қатар бәрін үйрету және бөріне үлгі болу;
- 4 Егер әлдебір нәрсе жайында қарама-қарсы пікір айту керек болса, сізге оның дәл өзін емес, соған балама ретінде басқа мағынадағы астарлы ұғымды түсіндірген жөн;
- 5 Жұмыс барысында әрқашан көптің атынан сөйлеңіз. Ешқашан «мен жасаған» деп емес, «біз жасаған» деп айтып үйреніңіз;
- 6 Көріп тұрған затыңызға бағдар жасаңыз, құлағыңыз тұрулі, көзіңіз ашық болсын;
- 7 Кез келген адамға құрметпен қараңыз;
- 8 Біз бәсекелестер ортасындамыз;
- 9 Ешбір адамды төмен бағаламаңыз. Бұл – жасаған еңбекті бір күнде жоқ қылып жіберуі мүмкін;
- 10 Шешім қылдай әрі нәзік болуы керек. Себебі арба да сынбай, өгіз де аман қалған тиімді ■

ЖАПОННЫҢ ЖАҚСЫ СӨЗІ

Қазақ елінің даналығын, тапқырлығын танытатын, ел аузынан жиналған «деген екен» деп келетін ежелгі әңгімелердің том-том боп хатқа түскені белгілі. Жапон халқының да фольклорлық шығармаларының арасында «деген екенмен» түйінделетін хикаялар бар. Соның бір бөлігін оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

ИТ МҰРЫН

Чюугоку аймағында бір балаға зар ерлі-зайыпты болыпты. Әйтеуір, Құдай тілегін қабыл етіп, әйелі ұл тауыпты. Есі шыға қуанған ата-ана баласының бетіне жел тигізбей, мөпелеп бағады. Бір айыбы – әлгі бала мұрынсыз екен. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген ұлы ержеткенде, әке-шешесі қыз айттырудың қамына кіріседі. Қанша іздеп сабылса да, лайық қыз табылмапты. Бойжеткеннің бөрі оны мұрнына бола менсінбейді екен. Байғұс ата-ананың салы суға кетіп отырғанда, ауылдас туысы келіп былай депті:

– Осыдан балаға әйел өпермесем, туыс болмай кетейін. Ертең көрпі ауылдың қызын айттыруға барамыз.

Әлгі адам жігітке қолдан мұрын жасап жапсырады да, қызды айттыруға барады. Елті туыс бойжеткеннің әке-шешесінен рұқсатын алған соң той күнін белгілеп, құдалыққа келісіп қайтқан екен. Сонымен, құда-жегжат, туыс-туған жиналып, думанды той басталып кетеді. Ел саба-саба сәкә ішіп қызынып отырғанда, қыз жағынан бір кісі күйеу жігітке «сәкә іш» деп мазасын алыпты. Іштей «мінімді біліп қоймаса екен» деп қипақтап отырған күйеу «ішпеймін» десе де, қоймайды. Әлгі адам:

– Күйеубала, алып қой, алып қой, – деп сәкәні жігіттің аузына апара бергенде, тостаған жасанды мұрынға тиіп кетіп, танауы түсіп қалған екен. Күйеудің мұрынсыз қалғанын көргенде дауылдасып отырған жұрт тым-тырыс боп тына қалыпты. Сонда күйеу жігіт былай деген екен:

– Таудың көркі – арша, шырша, жиде-жеміс, итмұрын. Дәурен әнін, ердің сөнін кетірді-ау ит мұрын.

Қалыңдық та өлендете жөнеліпті:

– Шаш жетпейді санасаңыз қалың Синто храмына.* Маңайы – ну, көлі – аққу, жұпар ғой – оның құрағы да. Сөйтсе, қалыңдық таз екен дейді.

БОТА МЕН БАҚА

Баяғы заманда қытымыр енесі мен ақылды келіні болыпты. Бір күні кешке таман екеуі ботамочи** пісіріпті. Кешкі тамақтан қалған ботамочидің бір бөлігін келіні кебежеге салуға оқталғанда, кемпір қызғанып кетіп:

– Әкел, өзім саламын, – дейді. Сөйтіп, күлшелерді шүберекке орап жатып:

– Осыдан келінім түнде тұрып сені жейтін болса, аузына ала бергенде, бақаға айнал, – деп бірнеше мәрте қайталапты.

Бұл сөзді келіні естіп тұрады. Келін таңғы алагеуімде бөрінен бұрын тұрып, кебежедегі ботамочиді түгел жепті

де, орнына даладан бақа әкеп салып қойыпты. Ұйқысы қанып оянған кемпір келінінен бастап отбасы мүшелерін түгел «шаруаларыңды істендер» деп егістікке қуып жібереді де, ботамочиді өзі жалғыз жемек боп кебежені ашқанда, құрылдап бақа шыға келеді. Ала бақаны көргенде зәресі ұшқан кемпір:

– Ботасың ба, бақасың ба? Келінім жақта көлшік бар, баратын болсаң, соған бар, – деген екен.

БИТ ПЕН СІРКЕ

Бит пен сірке атам заманнан бәсекелес екен. Күлден шыққан сірке битпен жауығыпты. Бит те оның көзін жоюдың қамына кіріседі. Сөйтеді де дәу тасты көтеріп алып, сіркеге лақтырып жібереді. Тас сіркенің арқасына тиген екен, содан бастап сіркенің жотасында қара дақ қалыпты. Ал тасты ышқына көтерген бит әлі күнге қып-қызыл екен дейді. Екеуі өзеннің жағасында бірін-бірі тастың астына бастырып тастамақ болып арбасып тұрғанда, бит суға батып кетіпті дейді. Содан бері бит судан қорқады екен.

*Жапонияда мыңнан астам Синтоистік храм бар.

**Ботамочи – бетіне бұршақтың тәтті пастасы жағылған, күріштен әзірленетін күлшенің түрі.

Жапон тілінен аударған: Шарафат Жылқыбаева ■

Жапон тілінен аударған: Шарафат Жылқыбаева



«АРҚА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ 2017 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

2017

Индекс	Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
64540	6 айға	1747 теңге	1824 теңге
Жеке жазылушылар үшін	12 айға	3494 теңге	3648 теңге
14540	6 айға	5393 теңге	5470 теңге
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға	10786 теңге	10940 теңге

Газетке «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелеріне барып, жаздырып алуға болады.



27 қазан күнгі газет санын 40 (174) деп оқу керек

АРҚАНЫҢ ТАҢДАУЛЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АКАДЕМИЯСЫ

Мекенжайы:
Қарағанды қаласы,
Пичугин көшесі, 259-үй
Байланыс телефоны:
8(7212)47-50-69

Арқа
Ақшамы

аймақтық қоғамдық-саяси газет
Айына 4 рет шығады
Меншік иесі:
«Кент» Баспа үйі» ЖШС
Директор:
Умуджан БЕКИМОВА
Директор орынбасары:
Айткүл ОМАРОВА

Бас редактор:
Жанат ЖАНҚАШҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Ерболат ЕРБОЛҰЛЫ
Тілшілер қосынының жетекшісі:
Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ
Компьютер орталығының жетекшісі:
Алена МЕДВЕДЕВА
Кезекші редактор: Назира БАЙНАЗАР

Редакция мекенжайы:
Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы,
44/2; 312-кеңсе
Байланыс телефоны:
8 (701) 177-66-01, 8 (775) 784-92-34
Электронды пошта:
akshamy@mail.ru
Таралымы:
4000 дана

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, тіркеу туралы №13477-Г куәлігі 29.03.2013 жылы берілген.

Газет «Арқа ақшамының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газетте жарияланған автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «Қарағанды Полиграфиясы» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков к., 33-үй